



С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік
университетінің ғылыми журналы
Научный журнал Павлодарского государственного
университета имени С. Торайгырова

1997 ж. құрылған
Основан в 1997 г.



İ Ì Ó
Õ À Á À Ð Ø Û Ñ Û

Â Ã Ñ Ò Í È Ê Ì Ñ Ó

ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ СЕРИЯ

4 2014

Научный журнал Павлодарского государственного университета
имени С. Торайгырова

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на учет средства массовой информации

№ 14210-Ж

выдано Министерством культуры, информации и общественного согласия

Республики Казахстан

4 марта 2014 года

Сарбалаев Ж. Т., к.ф.н., доцент (главный редактор)
Зейнулина А.Ф., к.ф.н., доцент (зам. гл. редактора)
Азылбекова Г.О., к.ф.н., доцент (отв. секретарь)

Редакционная коллегия:

Брицын В. М., д.ф.н., профессор (Украина);
Дементьев В. В., д.ф.н., профессор (Россия);
Еспенбетов А. С., д.ф.н., профессор;
Жусип К. П., д.ф.н., профессор;
Жусупов Н. К., д.ф.н., профессор;
Казимирова И. А., ст. науч. сотр. Института украинского языка
НАН, Украина;
Маслова В. А., д.ф.н., профессор (Белоруссия);
Пименова М. В., д.ф.н., профессор (Россия);
Ыскак Д., д.ф.н., профессор;
Хасанулы Б., д.ф.н., профессор;
Нургожина Б. В. (тех. редактор).

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели.

Мнение авторов публикаций не всегда совпадает с мнением редакции.

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов.

Рукописи и дискеты не возвращаются.

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник ПГУ» обязательна.

© ПГУ им. С. Торайгырова

МАЗМҰНЫ

Абдуллаева Қ. М.

Ә. Нұрпейісов прозасындағы этнографизмдер сипаты10

Ағибаева С. С., Қадыров Ж. Т., Набиев Н. А., Баратова М. Н.

Ф. Оңғарсынова поэзиясындағы әлемнің ұлттық бейнесінің образдары
мен компоненттері18

Акошева М. Қ., Рақымжанов Қ. Х.

Коммуникацияның вербалды емес құралдарының сөйлесу әрекетін
адекватты емес интерпретациялау туралы22

Ақтанова А.

Шәкәрімнің «Мұтылғанның өмірі» поэмасының жанрлық ерекшелігі28

Андрющенко О. К., Сүйінова Г. С.

Ант беру және қарғыс: экстралингвистік байланысы және орыс тіл
мәдениетіндегі орны33

Балмағамбетова Ж. Т.

Прецеденттілік және аударма40

Баратова М. Н., Сіләмбекова Қ. С.

Мәшһүр-Жүсіп өлеңдеріндегі дін сөздерінің қолданыс ерекшеліктері50

Ержанова С. Б., Сағынаева Г. Ә.

Қазіргі қазақ лирикасындағы түрлік ізденістер56

Жүсіпов Н. Қ., Баратова М. Н., Мерғалиев Д.

Мәшһүр Жүсіптің фольклорды жинау әдістері62

Жанұзақова Қ. Т.

Қазіргі қазақ әдебиетіндегі романның жанрлық трансформациялануы66

Жанұзақова Қ. Т., Дүйсекеева Б. Б.

Монологтың көркем шығармадағы түрлі функционалдық қызметі74

Жумабекова Б. К., Рахметова М. Р.

«Әйел» концептісінің лексика-семантикалық өрісі (Қазақ және ағылшын
тілдері негізінде)81

Зейнулина А. Ф.

Иса Байзақов поэмаларының көркемдік өрнегі89

Зейнулина А. Ф.

Шәкәрім поэзиясындағы пәлсапалық ұстаным95

Зейнулина А. Ф., Ибраева Ә. Т.

Жазушы шығармашылығындағы ұлттық мұрат пен шеберлік102

Зайкенова Р. З., Балтабаева Н. С.

Қазақ әдебиетіндегі роман-эссе жанрының дамуы112

Ибраева А. Б., Авазбакиева Ф. Р.

Түркі кірме сөздерінің морфемдік-морфологиялық ерекшеліктері121

Қадырова Б. М., Ербол А.

Қазақ тілі терминдерінің мәселесі129

Капанова Д. Е.

Фразеологизмдердің ұлттық-мәдени ерекшеліктері136

А. Б. Ибраева, Ф. Р. Авазбакиева

Түркі кірме сөздерінің морфемдік-морфологиялық ерекшеліктері

Қазақ гуманитарлық заң университеті, Астана қ.

Материал 19.10.14 баспаға түсті.

А. Б. Ибраева, Ф. Р. Авазбакиева

Морфемно-морфологические особенности тюркских заимствований

Казахский гуманитарно-юридический университет, г. Астана.

Материал поступил в редакцию 19.10.14.

Мақалада поляк тіліндегі түркі кірме сөздерінің морфемдік-морфологиялық ерекшеліктері қарастырылады. Авторлар қазақ тілі мен жалпы түркі лексикасының поляк тіліне әсері қазақ және поляк халықтары тығыз тұратын өңірлерде күшті байқалатындығы және кірме сөздердің тек жағынан жіктелісі осы кірме лексиканы жаңа мағыналық тұрғыдан түсіндіруге негізделетіндігі туралы болжам келтіреді.

В данной статье рассматриваются морфемно-морфологические особенности тюркских заимствований в польском языке. Авторы высказывают предположение о том, что влияние казахского языка и в целом тюркской лексики на польский язык усиливается в регионах компактного проживания казахского и польского народов и родовая классификация заимствованных слов основывается на смысловом переосмыслении заимствованной лексики.

Б. М. Қадырова¹, А. Ербол²

¹ф.ғ.к., доцент, ²магистрант, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.

ҚАЗАҚ ТІЛІ ТЕРМИНДЕРІНІҢ МӘСЕЛЕСІ

Берілген мақалада қазіргі қазақ терминология саласының өзекті мәселелері талқыланып, терминжасамдағы негізгі қажаттары сараланады.

Кілтті сөздер: термин, дәлдік, қысқалық, жүйелілік, символ-сөз, сан, географиялық таңба, журнал, жалғау, буын, шумақ, тармақ, рай, мүше, әдіс.

«Терминология» терминінің қандай мағына білдіретінін білмей тұрып, ол туралы ғылымда жүйелі ой айту қиын. Сондықтан да мәселенің басын терминологиядан бастау керек.

А. В. Суперанскаяның айтуынша, терминология жеке ғылым ретінде XIX ғасырдың I жартысында қалыптасса, оның дамуы, жан-жақты зерттелуі Батыс Еуропа мемлекеттерінде қарастырылып, кейінірек отандық тіл білімінде жал-ғасын тапты деп айтуға болады. Профессор Ғ. Қалиев «Терминология (лат. terminus, грек. logos) - ғылым, техника, өндіріс, өнер, білім саласындағы терминдердің жиынтығы» [3,322] десе, академик Ө. Айтбайұлы: «Терминология — тілдің арнайы лексикасының даму заңдылықтарын тексеретін ғылым саласы, сонымен бірге ол ғылым мен техниканың жеке салалары терминдерінің жиынтығы» [1,27] дейді. Ш. Құрманбайұлы: «Терминология кең мағынасында «адамның кәсіптік қызмет саласындағы қолданылатын арнаулы лексиканы қамтитын, тілдің сөздік құрамының бөлігі». Терминология — арнаулы сала ұғымдарының жүйелік ерекшелігін көрсете отырып, оның коммуникативтік қажеттілігін өтеуге қызмет ететін атаулар жиынтығы» [5,13] деген анықтамалар айтқан. Осы терминологияға берілген анықтамалар әртүрлі болғанымен, негізгі берер ғылыми тұжырымдамасы бірдей екенін байқауға болады.

Академик Ө. Айтбайұлы терминдердің негізгі белгілері дәлдік, қысқалық, жүйелілік [1,26] дейді. Ал, профессор Ш. Құрманбайұлы төмендегіше саралайды:

1. терминдер негізінен сөз немесе сөз тіркестері болады (кейде сөйлем түрінде де кездеседі);

2. терминдер негізінен тілдік бірліктер (символ-сөз, сан, географиялық таңба түріндегі терминдер де бар. Бірақ терминологиядағы олардың үлес салмағы термин сөздерге қарағанда әлдеқайда төмен);

3. термин – белгілі бір терминологияның мүшесі (А. А. Реформатский);

4. термин деген – ұғым аты;

5. терминнің міндетті түрде дифинициясы болады;

6. терминдердің негізгі басым бөлігі жалпы есімдер, сөз табына қатысы жағынан зат есімдер болады;

7. терминдер атауыштық қызмет атқарып, негізінен ғылым тілінде, арнаулы сала шеңберінде қолданылады [5,7].

Терминологияны жетілдіруде термин жасау қағидаттарын саралап алу керек. А. Байтұрсынұлы қазақ терминологиясын қалыптастыру мен дамытуда үлес қосушы, терминологияның алғашқы ғылыми қағидаттарын жасаушы болды. Ғалымның ең басты ұстанған қағидаты – қазақ тілінің өз мүмкіндігін толық пайдалану. А. Байтұрсынұлы терминжасамда бірнеше принциптерді басшылыққа алғандығын байқау қиын емес:

1. терминдер ұлт тілінің негізінде жасалып, ұлттық танымдық құбылыстармен сәйкес келуі;

2. терминдер оқырманға түсінікті және пәннің ғылыми категориясы мүмкіндігін көтеруі;

3. шет тілдерінен енген терминдерді ұлт тіліндегі баламасы табылмаған жағдайда сол қалпында қолдану және шетел терминдерін қолдану үстінде барынша анықтамалар арқылы түсіндіру;

4. терминжасамдағы бірізділіктің сақталуы, т.б.

А. Қайдаров «Қазақ тілі терминологиясына жаңаша көзқарас» еңбегінде термин түзудің 11 қағидатын төмендегідей санамалап көрсетеді:

1 принцип: Егеменді ел, тәуелсіз мемлекеттің басты белгілерінің (атрибуттарының) бірі – мемлекеттік тіл десек, оның негізгі тіректерінің бірі – терминологияны жан-жақты дамытуға, реттеуге, қалыптастыруға, кеңінен қолдануға сол мемлекеттің өзі қамқорлық жасауы керек.

2 принцип: Қазақ тілі терминологиясының жақсы дәстүрлерін жалғастыра, өскелең өмірдің биік талап-талғамына сай жүз беріп отырған бұқаралық үрдістің тіл үшін тиімді де қажетті жақтарын саналы түрде пайдалану.

3 принцип: Салалық терминдер мен атауларды жаңадан жасауда, өзгертуде, ауыстыруда ең алдымен қазақ тілінің төл және бұрыннан қалыптасқан байырғы лексикалық байлығын сарқа пайдалану.

4 принцип (қазақ терминологиясы үшін жаңа бағыт): Термин шығармашылығында бұдан кейін туысқан түркі тілдерінің (әсіресе терминология дәстүріне бай жазба тілдердің) озық тәжірибиелерінен, терминдік өрнек-үлгілерінен, оңтайлы да үйлесімді сөз жасау модельдерінен мүмкіндігіне қарай пайдалану.

5 принцип (бұрынғы принциптің жаңаша баяндалуы): Тіліміз үшін қажет, бірақ дәл баламасы жоқ, аударуға келе бермейтін интернационалдық терминдер мен атауларды қазақ тілінің өз ерекшеліктеріне икемдеп қабылдау.

6 принцип: Орыс тілінен (жалпы славян тілдерінен) енген терминдік атауларды мүмкін болғанынша қазақшаға аударып қолдану; аударуға келмейтіндерін бұрынғыдай сол қалпында емес, қазақ тілінің фономорфологиялық ерекшеліктеріне үйлестіре қабылдау.

7 принцип (қысқартылған терминдер мен атаулар жайында): Салалық күрделі терминдер мен атауларды қазақ тілінің өз негізінде алғашқы әріптері мен буындары бойынша (сөз араластырып та) кеңестік интернационалдық термин-атаулардың үлгісімен қысқартып қолдануды заңдастыру.

8 принцип: Күн санап толассыз туындап жатқан терминдік ұғымдарға тілімізден дәл балама іздеуде де, термин-атауларды жаңадан жасауда да жалпы терминдерге тән талаптарды сақтай отыра, дәстүр мен шарттылық заңдылығын мойындау.

9 принцип: Тілімізге қабылданатын терминдер мен атаулардың мағыналық, тұлғалық жағынан жақындарын өзара топтастырып, салыстыра отырып, лексикалық байлығымызды салалық жүйе бойынша жіктеп, саралап пайдалану.

10 принцип: Тіліміздегі ұлттық және интернационалдық термин-атаулардың сандық және сапалық ара салмағын табиғи қалыпта сақтаудың жолдарын іздестіру.

11 принцип: Терминдер мен атауларының емлесін тіл заңына, жазу дәстүріне сәйкес реттеу қажет деп санамалап көрсетіп береді [4].

Қазіргі қазақ тілі терминологиясы жылдан-жылға дамуының нәтижесінде күрделене түскен. Дегенмен, ғалымдар арасында екі түрлі пікір бар. Бірі – термин атаулының бәрін ұлт тіліне аудару қажет десе, екіншісі – халықаралық терминдерді аудармай, сол қалпында қабылдауды ұсынады.

Терминология саласында жоғарыда көрсетілген принциптерді басшылыққа алудың маңызы зор. Аталған принциптердің негізінде ғылым тілін ұлт тілінде жасауға болады. Терминдік жүйеде бұрыннан қалыптасып, тілде кең орын алған халықаралық терминдер саны лингвистикалық терминдер арасында да басым. Алайда олардың барлығын аударма тәсілі арқылы ұлт тіліне бейімдеудің өзінде шарттылықтың болғаны дұрыс. Халықаралық терминдік бірліктерді жаппай аудару керек емес. Өйткені әлемдік лингвистиканың деңгейіне қазақ тіл білімін көтеретін болсақ, халықаралық терминдердің де қолданыста жүруін заңды деп тану қажет.

Ө. Айтбаев қазақ тілінде терминдік қорды жетілдірудің негізгі 3 бағытын көрсетеді: 1) өз сөздік құрамымыздың ішкі мүмкіндігін сарқа пайдалана алатын ұлттық тіл жасау; 2) дайын терминдер беретін немесе калькалау тәсілін ұсынатын орыс тілін пайдалану; 3) дайын күйінде термин беретін немесе калькалау тәсіліне ерік беретін халықаралық терминдерді, орыс тілі немесе өзге тілдер арқылы енген кірме терминдерді пайдалану [1,153]. А. А. Реформатский терминдердің экспрессивті мағынасынан қашу

үшін терминге қойылатын талаптарды сақтай отырып, терминдерді дәл тұлғасымен беріп, нақтылай түсу үшін мүмкіндігінше интернационалдық терминдер болып саналатын грек, латын тілдерінің материалдарын көбірек пайдаланып, термин ретінде қалыптастыру қолайлы деген тұжырым айтады [7, 46].

Ғалым Н.Сауранбаев қазақ тілінің терминжасамының өнімді жолдары ретінде екі тәсілді көрсетеді: «біріншісі – сөзбе-сөз аудару, екіншісі – сөздің немесе сөз тіркесінің мазмұнын ғана қазақшалау» [6,66].

Лингвистикалық терминдердің жасалуына қатысты отандық және шетелдік ғалымдардың пікір-көзқарастарын қорытындылай келе, лингвистикалық терминдер табиғатына тән мынадай негізгі белгілерді атап, тұжырым жасауға болады. Сонымен лингвистикалық терминдер:

- тілдегі терминологиялық қордың бір бөлігі;
- лингвистика ғылымының әлеуетін көрсететін бірлік;
- құрамы түбір, туынды, күрделі (тіркесті) тұлғалар арқылы жасалады;
- тіл білімінің негізгі терминологиялық жүйесін құрайды;
- сан жағынан шектеулі;
- мағынасы сала мамандарымен қатар, көпшілікке түсінікті жалпыхалықтық сипатқа ие;
- қолданылу жиілігі жоғары [2].

Алаш зиялыларының да терминологияға қосқан үлесі зор. 1912-1925 жылдары, айналдырған 10-15 жылдың аралығында, қазақ зиялылары қазақ тілінің ұлттық терминологиясын қалыптастырды деуге болады. Бұған дәлел – барлық салалардағы сол зиялылар қалыптастырған терминологияның 95-98 пайызы ұлттық терминдер болды, қалған аз ғана бөлшегі – кірме сөздер. Ахмет Байтұрсынұлының 1912 жылы жарық көрген «Оқу құралындағы» терминдер үлгісімен Елдес Омаров – геометрия саласында, Халел Досмұхамедов – медицина мен биология саласында, Мағжан Жұмабаев – педагогика, Жүсіпбек Аймауытов – психология, Қаныш Сәтпаев алгебра саласында терминдер жасады. Мысалы, Ахмет Байтұрсынұлы қалыптастырған «одағай сөз» терминін Елдес Омаровтың геометриялық терминдері арасынан кездестіруге болады, онда «одағай сан» деген термин болған, алайда бұл қазір қолданылмайды.

А. Байтұрсынұлының 1912 жылы жарық көрген «Оқу құралының» өзінен буын, дыбыс, нүкте, дауысты дыбыстар, жарты дауысты дыбыс, дәйекші, жіңішкелік белгісі, хәріп (әріп) сияқты терминдерді кезіктіруге болады. Ал 1914-1915 жылдары және одан кейінгі жылдары 1928 жылға дейін бірнеше дүркін басылып тұрған «Тіл құрал» оқулығында бүгінгі күнге дейін қолданылып жүрген және қолданыла беруге тиіс зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеу, қосымша, жалғау, жұрнақ сияқты жүздеген терминдер кездеседі. Ғалым әдебиеттану терминдерін жасай

отырып, олардың ғылыми терминге тән анықтамасын беріп отырған. Мысалы, «Айшықтың әрбір тақтасы шумақ деп аталады. Жұрттың бір ауыз өлең дейтіні шумақ болады, әр шумақта бірнеше тармақ болады. Тармақ дегеніміз – өлеңнің әрбір жолы. Тармақ ішінде бірнеше бунақ болады. Бунақ дегеніміз өлеңді айтқанда сезілетін дауыс толқынының соқпа-соқпасының арасы. Бунақ ішінде буын болады» (Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш// А. Байтұрсынов шығармалары. – Алматы, 1989. – 192 б.) Бұл мысалда, ғалым біріншіден, өлеңнің құрылым-құрылысын (түр-түрпатын – А. Б.) анықтаған, екіншіден, әрбір ұғымның өзіндік ерекшелігін, басты белгісін, іргелес өзге ұғымдардан айырмасын көрсететін анықтама берген. Яғни әрбір ұғымның мазмұны мен көлемін анықтаған; үшіншіден, әр ұғымның ғылыми атауын (айшық, шумақ, тармақ, бунақ, буын) жасаған; төртіншіден, терминдердің жүйелілік ерекшелігін ескере отырып, жалпы қолданыстағы бір үлгімен жасалған (модель) сөздерді термин ретінде пайдаланған; бесіншіден, ғылыми ұғымдардың арасындағы жүйелілік құрылымдық байланысты көрсеткен. Дәлірек айтқанда, айшықтың – шумақтан, шумақтың – тармақтан, тармақтың – бунақтан, ал бунақтың – буыннан құралатындығын сатылай көрсету арқылы ұғымның микрожүйесінің өзіндік табиғатын танытқан. Бұдан ғалымның өзі зерттеп отырған ғылым саласындағы ұғымдар жүйесінің ішкі байланысы мен ерекшелігін терең білумен бірге, оларды таңбалауда тілді өте шебер пайдалана алғандығы анық көрініп тұр. «Әдебиет танытқыштан» мұндай мысалдарды әлі де көптеп келтіре беруге болады. Ғалым қазақ тілін оқыту әдістемесінің де негізін қалаушы ретінде бұл салаға қатысты көптеген терминдерді жасаған: әдіс, әдісқой, сауаттау әдісі, жалқылау әдісі, жалпылау әдіс, жалқылау-жалпылау әдіс. А. Байтұрсынұлының қазақ тілінің сөзжасам тәсілдерін анықтаумен қатар, ол тәсілдерді термин жасауда пайдаланудың жарқын үлгісін көрсеткендігін оның қаламынан туындаған жүздеген терминдері дәлелдейді. Мәселен, ғалымның жұрнақ, жалғау, буын, шумақ, тармақ, рай, мүше, әдіс, т.б. осылар сияқты терминдері семантикалық тәсілмен, жақша, сызықша, көсемше, есімше, дәйекші, буыншы, бастауыш, баяндауыш, анықтауыш, пысықтауыш, толықтауыш, әуреленіс, күліс, әлектеніс, әліптеме, зауықтама, мазмұндама, ермектеме, қорытпа, ұсынба, сұқтаныс, азаптаныс, жалғаулық, есімдік тәрізді көптеген терминдері морфологиялық тәсілмен, ал дауыссыз дыбыс, дауысты дыбыс, қатаң дыбыс, ұяң дыбыс, түбір сөз, туынды сөз, қос сөз, қаратпа сөз, қыстырма сөз, мезгіл пысықтауыш, мекен пысықтауыш, сын пысықтауыш, тұрлаулы мүше, тұрлаусыз мүше, салалас сөйлем, сабақтас сөйлем, жалаң сөйлем, жайылма сөйлем, болымды сөйлем, болымсыз сөйлем, толымды сөйлем сынды терминдер тобы синтаксистік тәсілмен жасалған. Бұл аталған терминдердің кейбіреулері орыс тіліндегі терминдердің негізінде калькалану арқылы (дауысты дыбыс, дауыссыз дыбыс, қос сөз, т.б.) жасалғандығы

аңғарылып тұр. Бұдан ғалымның калька тәсілін де ұтымды пайдаланғанын көруге болады. Г. Ц. Пюрбеев «Калькалау арқылы термин жасау өте күрделі мәселе. Аударманың сәтті шығуы үшін өзге тілдегі сөздің (сөз тіркесінің) семантикасын, морфологиялық құрылысы мен қолданылатын саласын жақсы білу керек» деген болатын. Ахмет Байтұрсынұлы еңбектерінен қимыл атау формасымен келетін аңдау, ауыстыру, әсірелеу, әсерлеу, байымдау, бейнелеу, бүкпелеу, дамыту, кейіптеу, көріктеу, меңзеу, теңеу, түйдектеу, үдету, шендестіру сияқты әдебиеттану терминдері мен демеу, жалғау, үстеу, шылау тәрізді тіл білімі терминдерін көптеп кездестіруге болады. Заттық ұғым мен процестік ұғымды ұштастырып тұратын мұндай терминдерді жасау осы ғалымнан бастау алып, бүгінгі қазақ терминологиясындағы термин жасаудың өнімді бір үлгісіне айналғанын аңғарамыз. Бұл терминдердің қайсыбірі (мысалы, ауыстыру, теңеу, т.б.) тілде бұрыннан бар сөздердің терминденуі арқылы жасалған болса, кейбіреулері (мысалы, лептеу, ойлаамалдау, т.б.) сол үлгімен, яғни етістік түбіріне – у жұрнағын жалғау жолымен жасалынған. А. Байтұрсынұлы жасаған терминдерді қазіргі қолданысқа толық қанды енгізер болсақ, талай терминдеріміз қазақы қалпына түскен болар еді. Алайда әлі де ауыстыруды қажет ететін терминдер баршылық. Мысалы: ғаныш – гипс, тәкапарлар бұлшық еті - мышца гордецов, кезеген жүйе – нерв служающий (медицина); піспек - поршень, ішпек – подшипник (техника) тағы басқалар. Медицина терминдері ішінде, айталық «клетка» термині 1992 жылы «жасуша» болып бекітілді. Ал 2000 жылы жарық көрген Қазақша-орысша, Орысша – қазақша терминологиялық сөздікте (медицина) ол – торша деп алынған. Тіптен көптеген оқулықтарда клетка сол клетка күйінде қалдырылған. Әрине, соңғы кездері бұл терминнің алғашқы нұсқасы қолданысқа батыл еніп келеді. Алайда, әртүрлі оқулықтардан білім алған, оқушылар мен студенттердің емтихан, сынақ тапсырған кездегі жағдайы қалай болатыны түсініксіз. Сондай-ақ кәдімгі мех сөзі бірде – тері деп, (мәселен – аң терісі), бірақ адамға қатысты – кожа), бірде үлбір деген атауға ие болып жүр. Бір қарағанда тері термині көңілге қонымды сияқты. Бірақ, айталық қоянның үлпілдеген жүні бар терісі мен қолтырауынның бұжыр-бұжыр терісін теңестіре алмайсыз. Сондықтан сірә, аң атауының терісіне үлбір термині қолданылып жүр. («Үлбір» сірә, үлбіреп тұру, үлбіреу деген мағынадан туса керек.) Алайда, аюдың терісі үлбіремейді. Сәтті балама табылмай жүрген сөздердің бірі – раздел – бөлім, отдел – бөлім – часть – бөлім; отделение – бөлімше, подразделение – бөлімше (подразделениенің – отделениеден анағұрлым үлкен екені белгілі). Аталған сөздер әсіресе қатарласа, қабаттаса келген кезде аудармашылақ қиналып қалып жатады. Договор – шарт, условия – шарт (Условия договора), утверждение – бекіту, закрепление – бекіту (утвердить закрепление), служба – деятельность, функцияның да жағдайы осындай. Оған қоса жекелеген аудармашылар, тілшілер тарапынан қолдану

қалпына еніп кеткен халықаралық терминдерді зорлап ұлттандыруы қарын ашырады. (Әрине, олар ұғымды дәл беріп, сіңісіп кетіп жатса қарсылық жоқ). Мәселен, шайтанарба-мотоцикл; телефон – сымтемір, шылдырлауық қорап; радио – үнжария; ауыз тартқы – маска; директор – мүдір; министр – уәзір; тираж – ұзынсан; техника – жасалым; рецепт – ішірткі; шаптырма – фонтан; қылтима – балкон; бағдаржол – алгоритм сөздерін осы аудармалы баламасымен бекіте салу асығыстық болар еді. Сондай-ақ өлшем бірлігі: граммды – мысқал деп алсақ – дейді аудармашылар. Бірақ халықаралық терминдерді осы күйінде қалдырған дұрыс болар.

Ойымызды қорыта айтқанда, терминделуші ұғым мен терминденуші сөзді сәйкестендіру үшін ұғымдар жүйесіне де, терминдер жүйесіне де бірдей мән беру термин жасаушыға аса қажет. Әрине, терминдерді жасауға барша халық қатыстырылуы керек. Бірақ, олар салалық мамандардың, тілшілердің сүзгісінен өтсе ғана қазіргідей олқылық тумас. Тіл де тірі организм секілді үнемі даму, өсу үстінде болады. Ал, қазақ тілінің жайына келетін болсақ, Қазақстан Республикасының Президентінің «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде» деген ойын термин жасаушылар есінен шығармаса, осындай олқылықтар болмас та еді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Айтбайұлы, Ө. А.** Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы. – Алматы, 1988. – 208 б.
- 2 **Жиренова, С. А.** Лингвистикалық терминдердің терминологиялық принциптерге қатысы. // М. Өтемісұлы атындағы Батыс Қазақстан Мемлекеттік университетінің Хабаршысы – №3 желтоқсан.
- 3 **Қалиев, Ғ.** Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. Алматы : Сөздік-Словарь. 2005. – 440 б.
- 4 **Қайдаров, Ә.** Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас. – Алматы : Рауан, 1993. – 43 б.
- 5 **Құрманбайұлы, Ш.** Терминқор қалыптастыру көздері мен терминжасам тәсілдері (Барлық сала мамандарына арналған әдістемелік құрал). Алматы : Сөздік-Словарь, 2005. – 240 б.
- 6 **Сауранбаев, Н. Т.** Қазақ тіл білімінің проблемалары. – Алматы : Ғылым. 1982. – 352 б.
- 7 **Реформатский, А. А.** Что такое термин и терминология? // Вопросы терминологии. – М. : Наука, 1961. – С. 46-54.

Материал 11.11.14 баспаға түсті.

Б. М. Кадырова, А. Ербол

Проблемы казахской терминологии

Павлодарский государственный университет
имени С. Торайгырова, г. Павлодар.
Материал поступил в редакцию 11.11.14.

B. M. Kadyrova, A. Erbol

Problems of Kazakh terminology

S. Toraighyrov Pavlodar State University, Pavlodar.
Material received on 11.11.14.

В данной статье, рассматривая основные проблемы казахской терминологии, анализируются основные принципы составления терминов.

In this article, the basic principles of terms-making are analyzed based on the consideration of the major problems of Kazakh terminology.

ӨОЖ 81'373

Д. Е. Капанова

к.ф.н., доцент, кафедра иностранная филология и переводческое дело,
Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова,
г. Павлодар

ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ҰЛТТЫҚ-МӘДЕНИ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Автор осы мақалада фразеологизмдердің ұлттық-мәдени ерекшеліктерін қарастырады.

Кілтті сөздер: фразеология, болмыс, танымдық, интеллект, рухани мәдениет, ұлттық ментальдық өріс, семантикалық, эмоционалдық-экспрессивті, номинация.

Қазақ фразеологиясын зерттеуге үлкен үлес қосқан қазақтың көрнекті ғалымы І. Кеңесбаевтың «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» атты көлемді еңбегі тек қазақ тіліне ғана емес, бүкіл түркологияға қосылған қомақты еңбек деп айта аламыз.

Ғ. Смағұлова өз еңбектерінде «Әр адам ұлт тілінің өкілі ретінде өз болмысы мен танымдық, интеллект қасиеттері арқылы дараланып көрінеді.

Әрі сол ұлт тілін дамытуға, сөздік құрамын байытуға үлес қосады. Яғни ұлттық рухани мәдениетін қалыптастыруда жеке тұлғаның ықпалы ерекше. Бұл әсіресе ұлт тіршілігінен және ұлттық ментальдық өрісінен хабар ететін фразеологизмдердің мағыналас түрлері мен қатарларын анық байқатады» деп атап көрсетеді.

Осы мақаламызда біз қазақ тіліндегі фразеологияның мағыналас қатарларының топтарын жіктеу және сол фразеологизмдердің ұлттық-мәдени ерекшеліктерінің мәнін ашып көрсету болып табылады.

Тіл-тілдің қай-қайсы болмасын өмірдің кез- келген саласын қамтып, ішкі мазмұны жағынан өте бай болып келетін, өзіндік құрылымы мен мағынасы тұрғысынан тілімізге мәнерлі рең беретін тұрақты сөз тіркестері көп кездеседі. Сөздердің өзара тіркесу қабілеті әр түрлі, кейбір сөз аз сөзбен, кейбір сөз көп сөзбен, кейбір сөз тек бір сөзбен тіркеседі. Бірқатар сөздер тек фразеологиялық тіркес құрамында қолданылады. Осы орайға байланысты сөздердің семантикалық шектеулі тіркестігі мәселесіне және фразеологиялық тіркестердің жасалу жолдарына, олардың кейбір ерекшеліктеріне тоқталуды жөн көрдік.

Фразеологизмдердің семантикалық тақырыптық топтарын сөздердің тақырыптық семантикалық топтарымен салыстырғанда фразеологиялық топтардың үлес салмағы сан жағынан шектеулі, аздық етеді. Фразеологизмдер сөздер сияқты тіршіліктің барлық саласын қамти алмайды, дүниенің кез-келген ұғымына атау номинатив бола алмайды, ол тек өрісінде, өз жағдайында құбылыстар мен заттар, адамның көңіл-күйін эмоционалдық-экспрессивті бағалауда образды елестетумен, туынды номинация жасаумен шектеледі. Ал сөз болса, оның жүрмейтін жері жоқ. Ойлау мен ұғымның шексіздігін жеке сөздер ғана қамти алады. Солар арқылы әлемнің тілдегі көрінісі нақтыланады.

Әуел баста мағыналас фразеологизмдерінің мысалдарын жинастырғанда синоним қатарлары мол екендігіне сенімді болдық. Бірақ, фразеологиялық фактілерді жинай келе байқағанымыз: барлық мағыналас қатарлардың семантикалық, мағыналық топтары түгелге жуық адам, оның іс-әрекеті, фразеологиялық қалпы мен жағдайы, түрлі сезімдерге қатысты психикалық процестер мен содан туатын ұнамды, ұнамсыз эмоция түрлеріне негізделген картина шықты. Бұдан тілдік құбылыстарда әсіресе фразеологизмдер жағдайында «адамды тіл ішінде зерттеу» – оның мағыналас фразеологизмдерінің қатарында ең жоғарғы сатыда жүзеге асырылатыны туралы қорытынды жасауға болады. Себебі мағыналас қатар ішіндегі әр фразеологизм – әр образ. Тіпті образдар жинағы деп атауға да болады. Ал әр образдылық – әр адамның дүниені қабылдаудағы өзіндік санасы мен болмысынан туатын ерекшелік. Тіпті бірдей образдылықты екі түрлі адам бір мезгілде жасай қоюы екіталай. Себебі адам бойындағы сезім саласындағы